

## **Қаратөбе ауылдық округінің Бектөбе және Бәйтерек ауылдарындағы құрамдас бөліктерді қайта атау туралы**

Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Қаратөбе ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 17 қазандағы № 276 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 21 қазандағы № 30280 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 35-бабына және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Жамбыл облысы әкімдігі жанындағы облыстық ономастика комиссиясының 2021 жылғы 30 қарашадағы қорытындысы негізінде және Бектөбе, Бәйтерек ауылдары тұрғындарының пікірін ескере отырып,  
**ШЕШТІМ:**

1. Қаратөбе ауылдық округінің Бектөбе ауылындағы келесі құрамдас бөліктер қайта аталсын:

Жаңа Бәйтерек көшесі Бәйтерек көшесіне;

Жаңа Бәйтерек 2 көшесі Әлихан Бөкейхан көшесіне;

Жайлау 4 көшесі Көктөбе көшесіне;

Бұлақ 1 көшесі Киелі бұлақ көшесіне;

Бескен Абдраимов көшесінің 1-тұйық көшесі Тараз көшесіне.

2. Қаратөбе ауылдық округінің Бәйтерек ауылындағы Әбілда Баялиев көшесінің 1-тұйық көшесі Талас көшесіне қайта аталсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қаратөбе ауылдық  
округінің әкімі*

*Г. Сагимбеков*